






16

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті»
КеАҚ басқарма төрағасы - ректоры
А.М. Нұрғалиев
« 06 » 2024 ж.

ЖЕДЕЛ САТЫШЫ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.163.

№ 06 басылым
№ ____ дана

Дайындалды: 03.03.2024ж. Гайнешов А.Н. 	Келісілді: 05.03.2024ж. Тағаев О.О.  Алмагамбетова М.Ж.  Таскалиев Е.К.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 07.03.2024ж. Орнына: СМЖ.07.ЛН.163 02.03.2021ж. Қайта қаралуы: 07.03.2024ж.
---	--	---

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолданылуы
3. Лауазымдық міндеті
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1. Бағыты:

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы:

Бұл нұсқаулық жедел сатышыға арналған.

3. Лауазымдық міндеті:

3.1. Жедел сатышының міндеті:

- 3.1.1. Негізгі лауазымдық нұсқаулықтағы талаптарды сақтауға;
- 3.1.2. Жедел сатыға жауапты адамның және электромеханиктің нұсқауларын орындауға;
- 3.1.3. Нұсқаулық және технологиялық карта бойынша қызмет көрсету түрлерін ескеріп, жедел сатының жұмысын қамтамасыз етуге;
- 3.1.4. Жедел сатыны басқару және оның дұрыс жұмыс істеуін бақылауға;
- 3.1.5. Жедел сатыны іске қосарда авариялық сигнал беру жұмыстарын, жарықтық және дыбыстық сигнал беру дұрыстығын «Тоқта» кнопкасын, барлық аялдама орындарындағы автоматты бекітілуді тексеруге;
- 3.1.6. Нақтылы жүк көтерімділігін бақылауға, тазалық сақтауға.

3.2. Бағыныштылығы:

- 3.2.1. Жедел сатышы қызметке Басқарма – төрағасы ректордың бұйрығымен қабылданады немесе босатылады;
- 3.2.2. Жұмыс барысында жедел сатышы әкімшілік-шаруашылық қызметінің басшысына бағынады.

3.3. Жедел сатышы білуі керек:

- 3.3.1. Лифттің құрылысын және пайдалану ережесін;
- 3.3.2. Тоқтап қалған кабинадан жолаушыларды қауіпсіз эвакуациялаудың әдістерін;
- 3.3.3. Қауіпсіздік құралдарын белгілеу және орналасуын;
- 3.3.4. Алғашқы медициналық жәрдем көрсету негіздерін;
- 3.3.4. Осы лауазымдық нұсқауды;
- 3.3.5. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;
- 3.3.6. Университеттің Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін;
- 3.3.7. Лифт жолаушыларының жүкті пайдаланудың типтік ережесі мен нұсқаулықтарын;
- 3.3.8. Өз міндеті шегінде СМЖ қызметтерін қолдауға.

3.4. Біліктілік талаптары:

- 3.4.1. Жедел сатышы қызметіне сәйкес бағдарлама бойынша оқытылған, медициналық қараудан өткен, жасы 18-ге толған тұлғалар тағайындалады;
- 3.4.2. Жұмыс деңгейінде мемлекеттік тілді білуі қажет.

4. Жауапкершілігі және өкілеттігі:

4.1. Жедел сатышы жауапты:

- 4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңдарының белгілі бір шегінде, осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған өзінің қызметтік міндеттерін тиісті орындамаған жағдайда;
- 4.1.2. Өзінің қызметтік жүргізу процесінде Қазақстан Республикасының қылмыстық және азаматтық заңдарының белгілі бір шегінде жасаған құқық бұзғаны үшін;
- 4.1.3. Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарының белгілі бір шегінде материалдық шығын келтіргені үшін;

4.2. Жедел сатышы құқылы:

4.2.1. Кәсіби жұмысын талапқа сай атқару үшін еңбек етуге қолайлы жағдайлар жасауды сұрауға;

4.2.2. Әрбір еңбек еткен жылына ұзақтығы 24 күнтүзбелік күн есебінде еңбек демалысын алуға;

4.2.3. Өзінің кәсіби абыройы мен қадір – қасиетін қорғауға;

4.2.4. Жөндеу және пайдалану қызметі тарапынан жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға ие болуға.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-у;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы 11шілде 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж №410-у;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж №553 бұйрығы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.

БЕКІТЕМІН
 «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
 аграрлық- техникалық университеті»
 КеАҚ басқарма төрағасы-ректоры
 _____ А.М. Наметов
 «__» _____ 20__ ж.

ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Құжат	Санаты	Лауазымдық нұсқаулық	
	Атауы	Жедел сатышының лауазымдық нұсқаулығы	
	Нөмірі	СМЖ.07. ЛН.163	
	Басылымы	06	
Өзгерістер жасау негіздемесі		Жоспарлы өзектендіру	
Өзгертудің мазмұны		Құжатты жаңа басылымда мазмұндау	
Құрастырған		Гайнешов А.Н. _____	__ 20__ ж.
Тексерген		Тасқалиев Е.К. _____	__ 20__ ж.